

## Жарияланбаған өлеңдерінен

## ОТЫЗ ҮШ ЖЫЛ

«Отыз үш жыл»! — көңілінде әркімнің,  
Салмақтаймыз жетістігін әр күннің.  
Отыз үш жыл отыз ғасыр сықылды.  
Неткен уақыт мағналы, ұтымды!

Отыз үш жыл, көзді шындап ашқалы, -  
Дүниенің көрініп жер-аспаны;  
Оң мен солың, алды-артыңды ұққалы,  
Адамшылық биігіне шыққалы.

Отыз үш жыл! Ойлап қара, достарым;  
Қайсың бұған қуатыңды қоспадың;  
Өміріміз бәріміздің бұл тұрған,  
Отыз үш жыл болып алда құлпырған.

Сондықтан да сүйсінеміз бұл тойда,  
Әр азамат, бақытыңмен атойла.  
Социалистік республика даңқына  
Көтердім тост, жаздым өлең халқыма.

Еңбекші елім, еркін елім, ер елім,  
Сенен таптым дүниенің тереңін.  
Сені өсірген Ленин — Сталин көсемің,  
Бақытыңды ойлап күнде өсемін.

Ұлы Октябрь таңымен біз құлпырдық,  
Кең дүниеге кере құлаш ұмтылдық.  
Отанымыз отыз үш жыл жасаған,  
Перзентіңбіз, бас иеміз біз саған.

«Отан үшін!» деп бастадық әр істі,  
Қыздырдық біз социалистік жарысты;  
Әр адамның маңдайынан тамған тер  
Бос кетпепті, өзің куә, туған жер.

Заводтар мен фабрикалар тынысын  
Тыңдап дала,  
берді байлық ырысын.  
Шөлдеген жер рахат тауып сусындап,  
Қаулады егін, желмен ойнап сусылдап.

Сол егіндей өстік нұрмен бәріміз;  
Бір тілекте жасымыз бен кәріміз.  
Партиямыз, Отанымыз деп өстік,  
Дос пен дос боп, жаумен жауша егестік

Біз білеміз бақытымыз бағасын,  
Қай жау, оны енді құрта аласың?!  
Біз бір жаңа дүниеміз жердегі.  
Жаңаны ескі мүмкін емес жеңбегі.

Бізбен бірге адамзаттың сергегі,  
Бізбен бірге алға құлаш сермеді.  
Дүниедегі халықтардың бағына  
Тағы құлпыр, туған Отан, тағы да!

Дүниеге нұр — сенің әрбір ұшқының,  
Дүние тойы — сенің отыз үш жылың.  
Коммунизм күмбезі тұр алдыңда,  
Келіп қалдық.

Туған халқым, адымда!

4.XI.50 ж.

## Сұңқар жыры

(М. ГОРЬКИЙ ТУРАЛЫ)

### I

"Бір уһлеп, бір өксіп,  
Жатты дүние дөңбекшіп  
Азап шеккен арудай.  
Тұншықтырып түн түнек,  
Тұнжыраулы жер мен көк,  
Күйзелгендей күн мен ай.

Сонда сонау қыядан —  
Ұшты Сұңқар ұядан,  
Ұшты самғап саңқылдап;  
Қара түнді қақ жара  
Қанатымен жол сала,  
Нажағайдай жарқылдап.

Ұшты Сұңқар самғады,  
Жиһан жүзін шарлады;  
Көрді, ұқты түн сырын:  
Екі басты самұрық  
Шеңгелге сап тұр бүріп  
Бостандықтың бұлбұлын.

Шықты Сұңқар көкке өрлеп,  
Көкірегін кек кернеп,  
«Бостандық!» — деп жырлады  
Құмарта Сұңқар үніне,  
Таңшыл құстар сүйіне  
Бақыт жырын тыңдады.

Тау тулатқан толқын жыр,  
Жосып аққан жойқын жыр  
Солқылдатты жер-көкті.  
Аңыз болған арман жыр,  
Құлақ құршы қанған жыр  
Дүниені тербетті.

Сұңқарды тез құртам деп,  
Қос қанатын қырқам деп,  
Бар қаһарын төкті түн.  
Қауып-қатер төнгенде,  
«Сұңқарға сын» дегенде,  
Естілді бір құдретті үн.

Топшысымен тау жыға,  
Қанапымен бұлт сыра,  
Келе жатты қос қыран.  
Жер жендетін жайрата,  
Таң құстарын сайрата,  
Қара түнге салды ойран.

Саңкылдап Сұңқар күшті үні,  
Шарықтап таңның бұлбұлы,  
Бастап ұшты қос қыран.  
Нажағай бұлтты қамшылап,  
Түн қорқауы қансырап,  
Жарқырап атты алтын таң.

## II

Өмірдің асқар шыңында,  
Бақыпты алтын тұғырда  
Жырлайды таңның Сұңқары.  
Гүлді, нұрлы алтын жаз,  
Асыр салған аққу қаз,  
Шалқып шаттық, шалқары.

Жердегі бір жырадан,  
Жылжып жендет сұр жылан,  
Шықты шыңға өрмелеп.  
Қапыда жылан шақты деп,  
Сұңқар қаза тапты деп,  
Азalandы жер мен көк.

Азalandы жер мен көк,  
Бірақ Сұңқар өлген жоқ.  
Кім өлді деп илансын?  
Өзге өлсе де, — өлмейтін,  
Өліміне көнбейтін,  
Ол бір туған улы жан.

Сұңқар жыры — жарқылдай,  
Жауға атылған нажағай;  
Ол — біздің жыр, бізге ұран  
Шыңдағы алтын тұғырдан  
Сұңқар ары нұшырған  
Ұлы Сталин — тау қырап.

## Абайға айтарым

Бұл күнге лайық алыпсың!  
Ол күнге қалай сыйғансың?  
Бір өзің бүкіл халықсың,  
Қалдырмай бәрін жыйғансып.  
Жарылып кете жаздапты-ау  
Жырламай тынсаң жүрегің  
Айтпаған сөзің аз қапты-ау,  
Бөлек бір туған кім едің!..  
Атаның ұлы емессің  
Кешіре жатар Кеңгірбай),  
Халықтың ұлы боп өстің  
Ибраим демей, — деді Абай.  
Абай десе Абайсың,-  
Абайладың жан-жақты,  
Риза еттің, жарайсың,  
"Қалың елім — қазақты».  
"Сен өлгелі елу жыл», —  
Деген сөзге кім нанар?  
Жүз тоғызда сен биыл, —  
Бір мүшелің тойланар.  
Ақын ата ақсақал, -  
Академик құрметті!  
Ұсынамыз қабыл ал,  
Жазушылық билетті.  
Өзің бастап ашарсың  
Пленумды, съезді.  
Құнсыз өлең, нашар сын,  
Көпірмелі көп сөзді,—

Көрсетуге ұялсын  
Кейбір кесір кер ауыз;  
Бағалансын, сып алсын  
Ойлы, күйлі жыр нағыз.  
Заманыма ақын сай  
Болса...» дерсіз білемін.  
Болмай жатыр, япырмай,  
Болсын! — менің тілегім.  
Жатыр көп жыр жырланбай  
Шырқайтұғын шындықты.  
Керек боп жүр, шіркін-ай,  
Өзіңіздей бір мықты.  
Мынау біздің кеңсеміз,  
Анау сіздің көшеніз,  
Таңданасыз, көрсеңіз,  
Терезесі неше жүз...  
Нұрлы сарай енсеңіз,  
Іші толған ән мен күй, —  
Бұл түс емес, сенсеңіз,  
Сізге лайық дәл осы үй.  
Төрлетіңіз, келіңіз,  
Қолмен ұста, көр, тыңда...  
Осындай ма еді теріңіз  
Шыңғыстағы жұртыңда?..  
Сіздің кітаптарыңыз...  
Тиражын бір санаңыз.  
Тек бұл емес барыңыз;  
Мынаңыз бар, анаңыз...

Орысша да, қазақша,  
Қытайшасы және бар...  
(Емес-ау бұл аз ақша,  
Алған жоқ қой гонорар).  
Үйілген жүк сона бір —  
Сіз туралы — сіз жайлы...

(Өзгелерін соң оқыр,  
Абай алды «Абайды» ).  
Ал, ақсақал, мен-қойдым,  
Айтсын енді басқалар;  
Қыйыры жоқ бұл тойды  
Қызығы енді басталар.

## Кремль

Уа, достым, — ақындықтың қиял құсы  
Жаныма жақынырақ келіп қоншы,  
Көп көрген, көп жасаған шежіре едің,  
Ежелден еркін- ойдың езгі досы;  
Өмірдің өресінен айтты бір сыр,  
Төрт бұрышын дүниенің түгел шолшы;  
Архивын алуан сырдың бір ақтарып,  
Тарихтың тақтасынан оқып көрші;  
Әлемнің көзін тартқан күндей көркем  
Күмбезді Кремльге ойды бөлші;  
Кремль — адамзаттың бақ ордасы,  
Кремль — ақынның да көңіл қошы;  
Кремль — жер жүрегі тұрған соғып,  
Ұя сап отыр бақыт құсы қойып,  
Ағылған адамзаттың армиясы.  
Көруге Кремльді құмар болып.  
Құмартпас Кремльге қандай жүрек,  
Асықпас қандай адам көрейін деп  
Кремль — қасиетті өмір төрі  
Шақырып қызыл туы тұр желбіреп.  
Тынысы табиғаттың — көкте, күнде,  
Ырысы адамзаттың — Кремльде;  
Алға ұстап туған елдің тапсырмасын  
Сәлеммен Кремльге келдім мен де.

1937 ж.

## Қазақстан коммунистерінің съезіне

(КОНТАТА)

Қадірлі делегаттар, сәлем сізге!  
Келіпсіз байтақ елден бұл съезге.  
Жасасын Коммунистік партиямыз  
Бақытты өмір берген сіз бен бізге!  
Сәлем съезге!  
Сәлем сізге, біздерден!  
Өнер берген,

Ән-күй берген, жыр берген  
Партиямыз, Отанымыз көп жаса!  
Бақыттымыз, өміріміз тамаша!

Қадірлі партиямыз, біздер сүйген,  
Съезге тұрмыз келіп әнмен, күймен,  
Шалқыйды шаттық жыры шар тарапқа  
Шыңынан Алатаудың көкке тиген.  
Сәлем съезге!  
Сәлем сізге, жолдастар!  
Еңбекте де, майданда да қол бастар —  
Қазақстан коммунисі сіздерге,  
Құтты болсын айта келдік съезге.

Қайнаған еңбекпенен бесжылдықта,  
Абырой ал, азамат, озып шық та;  
Біз дағы ән мен күйдің бесжылдығын  
Тартамыз абыроймен туған жұртқа.  
Сәлем съезге!  
Сәлем сізге, біздерден!  
Өнер берген,  
Ән-күй берген, жыр берген.  
Партиямыз,  
Отанымыз көп жаса!  
Бақыттымыз.  
Өміріміз тамаша!

7. I. 49 ж.

## Үгітші мен кемпір

Шеткері бір көшеде, қалтарыста,  
Тұратын-ды бір кемпір жасы алпыста,  
Майдан кеткен ұлының орнын бағып, —  
Қарай-қарай жүретін күн батысқа.

«Қара қағаз» алған жоқ, үміті мол,  
Жалғыз-ақ еш хабар жоқ, батады сол, —  
Анда-санда құмалақ тартады өзі,  
Ұлы келе жатқандай «түседі жол».

Көршісінде бір қыз бар, соған қарап,  
«Ұлым келсін» дейтін-ді, жақын балап...  
Сайлаушылар тізімін нығыз ұстап,  
Сол көшені үгітші жүрді аралап.

"Кеш жарық" деп әр үйге ол келіп жүрді.  
Сайлау жайын әркімге түсіндірді, —  
Бірақта ол байқамай жүрді кетіп,  
Қалтарыста тұратын сол кемпірді.

Бірақ кемпір жүретін байқап сырттан,  
«Кеммін бе, — деп, — япырау, басқа жұрттан»,  
Іштей наза тартатын, сыр білдірмей,  
Бәрін көріп қартайған жалғыздықтан.

Бірнеше күн сырын ол, іште бүкті,  
Үгітшінің бір күні жолын күтті...

Кездестіріп көшеде, үйге ертіп кеп,  
Қып-қызыл ғып ұялтты жас жігітті;

— Балам, мен де білемін, сайлау жайын,  
Қалып көрген емеспін болған сайын,  
«Керегің жоқ» — десең де барамын мен...  
Өкпелеме, назым ғой, айналайын.

Балам менің қайтпады, әскер еді,  
Үш жыл, үш ай мінеки хат келмеді.  
Кездестірген жоқпысың, айтшы қарғам?  
Сені біреу: «майданнан қайтқан» деді:

«Кездестірген жоқ едім», — деді үгітші.  
Кемпір айтты: «Қарағым, келіп жүрші,  
Жалғызымды көргендей боламын мен...  
Сайлау жайын қанеки, түсіндірші...

Өзім де еш сайлаудан қалған емен,  
Былтырғы жыл апарған машинамен;  
Быйылғы жыл жаяу-ақ бара аламын,  
Балам үшін де мен өзім дауыс берем», —

Деді кемпір. Үгітші кірісті іске,  
Кеште шықты сол үйден, келіп түсте.  
Шөліркеген көңілі бір қанған соң  
Кемпір қалды риза боп мәжіліске.

Содан бері үгітші күнде келіп,  
Сырласады.

Кемпір жүр көңілденіп,  
«Әже» деген әдемі жас жігітті  
Өзі туған ұлындай кетті көріп.

1947 ж.

## АЛТЫН ЖҰЛДЫЗ

Көкте зырлап барады  
Алтын жұлдыз.  
Жерде тұрып қарады  
Әлия қыз.  
Алтын жұлдыз алысқа  
Кетті ағып,  
Кетті ағып, жас қызға  
Бір ой салып.

Алтын жұлдыз зымырап  
Кетті алыс.  
Кетті алыс мылтық ап  
Бір жап-жас қыз...  
Майдан кешті мылтық ап  
Әлия қыз, —  
Өр төсінде жарқырап  
Алтын жұлдыз.

## Жолдас маршал!

Марш!

Өлеңім,  
әскердей ұмтыл алға!  
Нажағайдай  
жарқылда  
жер-жаһанда.

Москва бар,  
Қызыл ту қолыңа ал да,  
Айнымасқа антың бер  
Бас маршалға.  
Қолын ал да  
құттықта  
және честь бер,  
Дегін оған:  
— Мен дағы қызыл әскер.  
"Сүйт" десеңіз,  
«құп» деуге мен даярмын.  
— Туған елім —  
Анамнан,  
Немді аярмын!  
Адам болып туғанмын,  
Адамша өтем,  
Аямаймын;  
Барымды беріп кетем.  
Дүние тулап жатса да,  
мұхит мөңкіп,  
Мен емеспін қаймығар,  
жаудан қорқып,  
Жекпе-жекке  
жаһанға шық десе елім,  
Шығар едім, тәуекел;  
ықпас едім.  
Әлім деген  
Басынар қорқақ жанды,  
Қорқақ болсын  
деп туған жоқ адамды;  
Жігіттігің не керек,  
жүрсең бұғып,  
Толқын қуған қайықтай шетке ығып;  
Сертім осы, -  
қабыл ал,  
жолдас маршал!  
Жалын жүзді жауынгер келдім,  
қарсы ал.  
Тыныштықта  
маманмын  
жыр тоқуға,  
Майдан болса,  
даярмын оқ атуға.

3. II. 40 ж.

## Мұхтар аға!

Мұхтар аға!  
Мықтар аға едіңіз;  
Мықтылықты көзбен көрдік енді біз,  
Рақмет сізге ақындардың ағасы,  
Бәйгімізден қасқайып бір келдіңіз!

Лауреатысыз құрметті сыйлықтың,  
Бүгінгі күн аузындасыз сіз жұрттың,  
Ертең елдің көкірегіне орнаيسىз  
Даңқы сізде топтан озған жүйріктің.

Жаса, біздің асыл ойлы ағамыз,  
Сіз бенен біз талай құрмет табамыз  
Сізге риза Сізді оқыған адамдар,  
Сізге риза сонау Абай бабаңыз.

Кеудеңізде ұлы көсем суреті,  
Тұлғаңызға бір қарасын жер беті  
Ұқсын әлем, қандай екен жанымыз,  
Рахмет сізге, дана халық перзенті.

Туған жердің еменіндей бойлаған,  
Көп тусын деп ақын жанды ойлы адам,  
Тойыңызда тұйғындай боп толғанам,  
Өзіңіздей өссем деп те ойланам.

1949—1950 ж.

## Күндей шалқып күлгенің...

Күндей шалқып күлгенің  
Шаттығыңның нұры ғой;  
Шат боп өмір сүргенің  
Заманыңның сыры ғой.

Сенің нұрлы жүзіңнен,  
Көрем бақытты өмірді,  
Сенің әрбір сөзіңнен  
Күй естілер көңілді.

Сол себепті мен саған;  
Ғашықтайын құмартам,  
Жүрегімнен, жанымнан  
Жыр жазамын, сыр айтам

Күндей шалқып күле бер,  
Ақ маңдайлы алма жүз,  
Саған сірә тең келер  
Жер жаһанда бар ма қыз?

## С о н е т

(ҚҰРДАС ТУРАЛЫ)

Түн ортасы ауғанда көше жым-жырт,  
Жұпар жаңбыр себелеп, ойнайды бұлт: —  
Таң асырған тұлпардай тұр тыпыршып,  
Қақпа алдында қалшыйып жалғыз жігіт,

Жүрек лүп-лүп соғады, ұйқы сергек,  
Көкірегін кей кезде ыза кернеп.—  
"Әлде басқа жігітпен кетті ме екен?  
Неге алдады, япырмай, түнде кел деп?"



Үйде деуге естілмей ешбір тықыр,  
«Түзде болса, мұнша кеш, ол неғып-жүр?» —  
Деген оймен бір жылып, бірде суып,  
Таң күзеткен тағатсыз жас жігіт тұр.

Сүйген сәуле алаңсыз жатыр ұйықтап,  
Қақпа алдында болған соң күзетші сақ.

## Азербайжан қызына

Атың Сана, көзің қара гөзәл қыз,  
Жыр жаздырдың жүрегімнен амалсыз;  
Мен кетермін, альбом ашып қарарсыз  
Ақын қазақ ағанды еске аларсыз.

Тавриз — Баку аспанында күн Сана,  
Күміс Каспий жағасында гүл Сана,  
Жүрегіңмен жүрегімді бір сана,  
Айтарым көп, айтқызбай-ақ біл, Сана!

## Гүлім

Жайқала бер, қызыл гүлім,  
Сұлулардың көзін тартып,  
Саған сеуіп маржан нұрын,  
Тұр ғой алтын күн құмартып;

Сен өмірдің бақшасында  
Шашақ аттың жазғытұрым,  
Жас бұлбұлың нақ қасыңда  
Тамылжитқан жүрек жырын.

Жайқала бер, қызыл гүлім,  
Ну жапырақ арасында,  
Бұлбұлыңның тындап үнін,  
Дүние саған қарасында...

Әне, сұлу аспанда тұр  
Көк лентасы — «кемпір қосақ»,  
Себелейді жұпар жаңбыр,  
Жайқала бер, қызыл шашақ.

Ай сығалап асқар таудан  
Хош исеңе тұр ғой елтіп;  
Сені арылтып шаң-тозаңнан,  
Жібек желің өтті желпіп.

Жайқала бер, қызыл гүлім,  
Бірақ саған көз тимесін;

Қызыл гүлді жазғытұрым,  
Сұқтанбасын, кім сүймесін!

Әне бір қыз ақша маңдай  
Күн келбетті, қара көзді.  
Сұлулықтың символындай,  
Жан-саясы, бал мінезді.

Келе жатты ән шырқатып,  
Желпіп қызыл орамалын...  
Жайқала бер шашақ атып,  
Тарт сұлудың көз жанарын.

Қыздар қандай гүлге құмар,  
Жақындасаң, қалдың дауға,  
Обалсынбас, үзіп алар,  
Тағып алар омырауға.

Риза емеспін ондай қызға,  
Солар гүлім, кетер тастап,  
Не махаббат базарында  
Жауқазынға айырбастап.

Ғафу, қыздар, тындаңыздар,  
(Күнәм болса, кешіріңдер),  
Гүлге құмар болсаңыздар,  
Үзбендерші. Өсіріңдер!

Жайқала бер, қызыл гүлім,  
Төңіректің көзін тартып,  
Айналаңда қағып күлім,  
Қыздар жүрсін ән шырқатып.

Бақшамыздың кілті берік,  
Саған келмес сырттан дұшпан,  
Солдыра алмас аяз соғып,  
Қауіптенбе қатал қыстан.

Қабак түйіп келсе де күз,  
Сені, гүлім, солдыра алмас.

1937 ж.

Бір болармыз біз екеуміз,  
Мәңгі, мәңгі болармыз

Қызыл гүлім, беріп сәулет,  
Құлпыра бер миуа бақта,  
Берермін мен етіп букет  
Болашаққа, жас ұрпаққа.

Жайқала бер, қызыл гүлім,  
Жүгірейін жеміс теріп,  
Қызыл гүлім — жас ғұмырым.  
Ақын жанға болған серік.

## Қарындасым Марпуға!

Аялаған айдын көлге,  
Ұқсап бейне аққуға,  
Астанаға келдің сен де,  
Қарындасым Марпуға.

Есіңде ме сона бір жыл,  
Оқушы едің рабфакта,  
Сен қызыл гүл, мен жас бұлбұл,  
Кездесіп ек бір бақта.

Сол бір баққа көрік беріп,  
Сен құлпырып жайнаушы ең,  
Құлпырғаның қызық көріп,  
Мен құбылтып сайраушы ем.

Сенің гүлдей дидарыңнан  
Бақыт нұрын көруші ем,  
Махаббатты жас жанымнан,  
Жырлар жазып беруші ем.

## Көктем

Сәскеде сансыз көкек сұңқылдаған,  
Неткен кез, дүние балқып күй тыңдаған!  
Еркелеп бұйра бұлақ жатыр аунап,  
Сүйкімді жас үнімен сыңқылдаған.

Алыста асау өзен күркіреген,  
Жер жатыр жалт-жұлт етіп бір түлеген,  
Аспанның өрнегіндей жерге төккен  
Бір нәзік жұпар жаңбыр сіркіреген.

1948 ж.

\* \*

Сыйса егер өмір сыры бір жаныңа,  
Ой таста ол жағың мен бұл жағыңа;  
Аумағын алақанда еркін ойнат,  
Көнбессің сонда тағдыр қылжаңына.

Жерде тудың, қадірін сен біле біл,  
Аспанға ұшсаң, сонда да жерге үңіл;

Туған жерде тік бассаң аяғыңды  
Сен мықтысың, еркіндеп ойна да күл.

Қанат болмас, жігіттер, өктем желік,  
Кішіпейілдік дегенді жек көрмелік,  
Желігем деп, орынсыз секірем деп  
Жатқандар бар аяғы көктен келіп.

Дән піспейше қауызы жарылар ма?  
Желге ұшар қауызда мағна бар ма?  
Сырттан өспей, шырағым, іштен өссең,  
«Жеңіл қауыз» деген ат тағылар ма?!

Келіп қалған көңілге бұл бір сөзім,  
Келген сөзді бөгерлік жоқ мінезім,  
Ғибрат айтар сәуегей болмасақ та,  
Құрбы-құрдас, оқы да ойлан өзің.

11. IX. 50 ж.

Еркіндеп-ақ келесің  
Өлең шіркін, күй шіркін!  
Мені қозғай бересің  
Дүркін-дүркін, әр дүркін.

Поэзия — асыл жар,  
Тек өзіңе тең болсам;  
Менде қандай арман бар,  
Мәңгі бірге сен болсаң!

19 III. 52 ж.

## Ақсәуле

Бір күй бар домбырамда тартылмаған,  
Бір сыр бар көңілімде айтылмаған;  
Сен үшін келдім сақтап, сүйген сәуле,  
Көзіңнен айналайын жалтылдаған.

Ақсәуле, аспанда аймен таласасың,  
Төгіліп иығыңа қара шашың,  
Жалт беріп құралай көз қарағанда,  
Жанымның жайлауына жарасасың.

Ақсәуле, арнадым мен арманымды,  
Бұлбұлдай аялаған таңда гүлді;  
Көркіне еңбегі сай келіп тұрған  
Арман не, көргенінде жан жарыңды!

## Орамал

(РОМАНС)

Айнымасқа сертгесем,  
Айғағым бұл орамал,  
Орамалға тілесем,  
Жүрегімді орап ал.

Кіршіксіз ақ орамал,  
Көз жасыммен жуғанмын,  
Жаным сендік қабыл ал,  
Бір сен үшін туғанмын.

Жаудан елін қорғауға  
Жарым кетіп барасың,  
Бәлкім жарар орауға  
Білегіңнің жарасын.

Бәлкім осы орамал  
Қызыл қанға боялар,  
Жанға тисе жат хабар,  
Жарың шошып оянар.

10. VII 40 ж.

Отан үшін, сен үшін  
Түлеп, ұшып барармын;  
Аралармын тау ішін,  
Сені іздеп табармын.

Қаның жұққан орамал,  
Сонда бізге ту болар;  
Орамалда бір сыр бар  
Кейінгіге жыр болар.

## Чернышевскийге

Бір масқара оқыйғаны,  
Еске алсам, шошыр жаным,  
Айтуға тіл ұялады,  
Айтсам, қайнар зығырданым.  
Ортасында өткен ғасыр  
Алаңында Петербургтың  
Түсі суық бір ағаш тұр  
Үрейін ап өткен жұрттың...  
Әлдекімдер келеді алып  
Сол ағашқа бір адамды.  
Ерсіл-қарсыл өткен-халық  
Аң-таң болып тұра қалды.  
Таңды әкеліп әлгі адамды,  
Қабыстырып қара ағашқа,  
Масқаралап қысым салды  
Көзің қыймас қыршын жасқа.  
Жендеттері жауыздықтың  
Жауап берер кейін не деп?  
Жазығы жоқ жас жігіттің  
Түкіреді бетіне кеп,

Қанды ағашқа тұр таңулы,  
Тұр ұлы адам — тұр ақыл, ой,  
Тұр халықтың адал ұлы,  
Тұр таңулы ар, аброй,  
Қанды алаңға толған халық  
Қайтып төзсін мұндай күйге?!  
Кетті толқып ызаланып  
Бүкіл Россия, бүкіл дүние.  
Тұс-тұс жақтан шықты дауыс  
Ызаланған, қаһарлы үн.  
Нажағайдай тиді қарғыс  
Қалтыратты патша тағын.  
О, сүйікті Чернышевский,  
Жауыздардан не көрмедің,  
Сондадағы сен өлмедің  
Қайтарылды сенің кегің.  
Қанды ағаш сені таңған  
Болды талқан, қалды адыра.  
Орнына оның мрамордан  
Саған арнап соқтық мұра.

## Өзім туралы

Өзге емес, өзім айтам өз жайымда,  
Жүрегім жалын атқан сөз дайында,  
Тереңде тұнып жатқан дауыл күйді,  
Тербетіп, тулатып бір қозғайын да...  
Шарлаған жолым жатыр жер бетінде,  
Көрінер көлеңкесі келбетімде,  
Бүгінгі, ертеңгінің бәрі де айқын,  
Келемін өмір-күйге тербетіле...  
Ырзамын туғанымға адам болып,  
Өкінбен қаламын деп бір күн солып,  
Адамзат сапарының мейманымыз  
Бір мезет жер бетіне кетер соғып.  
Екі көз — екі жұлдыз маңдайдағы.

Көруші ең құбылысты қай-қайдағы,  
Япыр-ай, сен де бір күн сөнермісің  
Қап-қара түнек болып маңайдағы.  
Өкінбен мен де бір күн өлемін деп.  
Өкінем ұқсата алмай келемін деп,  
Күніне жүз ойланып, мың толғанам  
Өзіммен бірге өлмесін өлеңім деп.  
Барым да, бақытым да осы өлеңім;  
Жақыным, жүрегімнің досы — өлеңім,  
Өмірге келгенім жоқ бостан-босқа,  
Мен қайтып босқа жасап, босқа өлемін.  
Гүрілдеп жалын атқан кеудем — керік,  
Сөз соғам құлашымды еркін керіп,  
Суарып шынықтырам күйге малып,  
Болсын деп әрі әдемі, әрі берік,  
Құя алман үгітілген балшық өлең,  
Көңілімде көл жасамаң тамшыменен,  
Серінің семсеріндей сертке таққан  
Өлеңнің өткірін бір алшы менен.  
Ежелден ерке бұлан Қасым едім,  
Бұлқына тасып едім, басып едім,  
Жүзім — жаз, көңілім — көктем кең пейілді,  
Жақсының жүрегіне ғашық едім.  
Сөзім жыр, лебізім күй ерке едім,  
Өз жерім, өз елімде еркеледім,  
Өмірдің алтын сарай аспанына,  
Қыялым қақты қанат ерте менің.  
Кең жайдым құлашымды дүниеге,  
Білдім мен қайғыра да, сүйіне де,  
Әйтеуір әрі-сәрі болғаным жоқ,  
Ұқтым мен, көңілімнің күйі неде...  
Қасыммын, сол баяғы бір Қасыммын.  
Бақытын ойламаймын күр басымның,  
Тымырсық түнек болсаң, — дұшпаныңмын,  
Ақкөңіл адал болсаң, — сырласыңмын.  
Боламын ақын Қасым әлі де мен,  
Өлеңін бөбегіндей әлдилеген,  
Қанатын қағып жылдам келер жылдар,  
Бәрін де қарсы аламын ән-күйменен.  
Сондықтан әкел бері домбырамды,  
Кеудеме күй қанатты қондыр әнді,  
Берейін өмірімнен өлең жасап,  
Шашайын оңды-солды мол мұрамды.  
Дүниеге келер әлі талай Қасым,  
Олар да бұл Қасымды бір байқасын,  
Өртке тиген дауылдай өлеңімді  
Қасымның өзі емес деп кім айтасың!